Орта білім беру ұйымдарында күндізгі лагердегі балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы шарт№ 300

Қызылорда қаласы «14» мамыр 2018 ж.

Бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын, Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, атынан Ереже негізінде әрекет ететін басшысы Нұрсейітов А. Д., бір тараптан және екінші тараптан бұдан әрі **«Мердігер»** деп «Махамбетова Г.», ЖК-і атынан жарғы негізінде әрекет ететін директор Махамбетова Г., екінші тараптан, тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ҚР Білім және Ғылым Министрінің 31.12.2015 жылғы №717 бұйрықтың 64 тармағына сәйкес осы Орта білім беру ұйымдарында күндізгі лагердегі балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

464 - Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі
003 - Жалпы білім беру
015 - Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
163- Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары
(Мердігер ҚҚС төлеуші болып табылмайды)

1. Өнім беруші 107144 (бір жүз жеті мың бір жүз қырық төрт) теңге 00 тиын мөлшердегі сомаға (бұдан әрі – Шарттың бағасы) № 39 мектеп білім беру ұйымында күндізгі лагердегі балаларды, оның ішінде білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге, Тапсырыс берушіге жеткізуді міндетіне алады.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) дүлей күш (форс-мажор) – төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) «Көрсетілетін қызмет» – өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну.

3) «Тапсырыс беруші» – орган немесе орта білім беру ұйымы.

4) «Тауар» – орта білім беру ұйымдарында күндізгі лагердегі балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар.

5) «Өнім беруші» – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға.

6) «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) «Шарттың бағасы» Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банктік кепілдеме Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағиадаларында көзделген жағдайларда енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

5.1 Мердігермен қызметті көрсету келісім-шарт күшіне енгеннен кейін кемінде күнтізбелік 15 күннен бастап 31.12.2018 жылға дейін жүзеге асырылады

6. Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және шартты орындау кезінде өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ кемінде екі рет ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы 74 санда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті қабылдауды және төлеуді міндетіне алады.Ақы төлеу нысаны аударым.

8. Шарт оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшесінде Тапсырыс берушімен тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді және 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады.

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: шот-фактура , қабылдау актісі

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметін, көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау бойынша осы Шарттың және тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Біржолғы мектептік тамақтандырудың құны 267,86 теңгені құрайды.

13. Өнім берушімен қызметті көрсету Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлеп Тапсырыс берушімен Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші қызмет бөлігін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде (дерде) немесе Тапсырыс беруші берген осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша қандай да болмасын басқа да өзінің міндеттемелерін орындай алмаса осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған жағдайда егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі. Ас әзірлейтін бөлік қызметкерлері конкурс кезеңінде ұсынылған қызметкерлеріне сәйкес келмесе Шартты бұзудың негізі болады.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәселені шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық тіркеуден өткізгеннен кейін және Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

30. Осы шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті көрсетуді Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуі тиіс.

Егер тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші:
Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қызылорда қ , Бейбарыс Султанкөшесі, 5
БСН: 060 140 014 083
ЖСК: KZ38070103KSN3310000
БСК: KKMFKZ2A
ММ Коды 4640452
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" ММ
Тел.:

Басшысы: _____ **Нұрсейітов А**

МО

Өнім беруші:
ЖК «Махамбетова Г.»
Қызылорда қ Амангельды көшесі, 3/27
БИН/ИИН: 631 026 401 086
БИК: HSBKKZKX
ИИК: KZ726010201000020035
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ
Тел.:

Директор: _____ **Махамбетова Г.**

МО

Приложение №1

к Договору от _____ 20___ г.

Школа	К-во детей получающих питание 6-ти дневного обучения	Кол-во дней предоставления питания для детей 6-ти дневного обучения	стоимость питания на 1-го ребенка в день	Общая сумма на питание детей 6-ти дневного обучения
№ 39	40	10	267,86	107144,00
итого	40			107144,00

Заказчик

Руководитель ГорОО : ***Нұрсейітов А***

Поставщик

Руководитель : ***Махамбетова . Г***

Предприятия,организация

ИП МАХАМБЕТОВА

Акт выполненных работ за июнь 2018 г

Заказчик КГУ"Кызылордиский городской отдел образования Акимата города Кызылорды"

Основание Договор о государственных закупках товаров № 300 от 14 мая 2018 г

			сш № 39	всеобуч	Цена без НДС
№ ПП	Меню	ДАТА ОТПУСКА	стои-ть блюд	кол-во детей	общая сумма
1	Меню	29.05.2018	309,40	20	6188,00
2	Меню	30.05.2018	245,70	20	4914,00
3	Меню	31.05.2018	271,10	20	5422,00
4	Меню	01.06.2018	239,90	20	4798,00
5	Меню	02.06.2018	245,80	20	4916,00
6	Меню	04.06.2018	218,30	20	4366,00
7	Меню	05.06.2018	254,00	20	5080,00
8	Меню	06.06.2018	255,60	20	5112,00
9	Меню	07.06.2018	245,10	20	4902,00
10	Меню	08.06.2018	393,70	20	7874,00
11	Меню	09.06.2018	309,40	20	6188,00
12	Меню	11.06.2018	245,70	20	4914,00
13	Меню	12.06.2018	271,10	20	5422,00
14	Меню	13.06.2018	239,90	20	4798,00
15	Меню	14.06.2018	245,80	20	4916,00
16	Меню	15.06.2018	218,30	20	4366,00
17	Меню	16.06.2018	254,00	20	5080,00
18	Меню	18.06.2018	255,60	20	5112,00
19	Меню	19.06.2018	245,10	20	4902,00
20	Меню	20.06.2018	393,70	20	7874,00
	ИТОГО			400	107144,00

Всего работ на сумму 267,86 без НДС 107144,00

Итого сумма Сто семь тысячи сто сорок четыре тенге 00 тиын

Вышеперечисленные услуги выполнены полностью в срок . Качеству и срокам оказанных услуг заказчик претензии не имеет

Поставщик

ИП МАХАМБЕТОВА Г

гКызылорда ул Отырар 34

ИИН 631026401086

ИИК KZ726010201000020035

БИК HSBKKZKX

АО НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Директор Махамбетова Г

Заказчик

КГУ"Кызылордиский городской отдел образования Акимата города Кызылорды"

г Кызылорда ул Султан Бейбарыс ,5

БИН 060140014083

ИИК KZ38070103KSN3310000

БИК KKMFKZ2A

Департамент Казначейства по Кызылординской области

Начальник Нурсеитов А

сш № 39 Кызылозек

г Кызылорда а/о Караозек

тел 21-73-70

РНН331000039425

БИК 195301070

Директор Кулгазиев Ж

Мемлекеттік мүлікті жалдаудың (жалға берудің) шарты

Қызылорда қаласы № 114 2018 жылдың «6» маусым

«Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығына және «Кейбір мемлекеттік мекемелердің атауларын өзгерту және ережелерін бекіту туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 8362 қаулысына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан бөлімінің басшысы **«С. Айменов,** бұдан әрі **"Жалға беруші"** бір тараптан және жеке кәсіпкер **«Г.Махамбетова»,** бұдан әрі **"Жалға алушы"** деп аталатын екінші тараптан, бірлесіп «тараптар» деп аталатындар, осы төмендегідей келісім- шарт жасасты.

1. Шарттың нысанасы

1. Бұдан әрі «Балансұстаушы» деп аталатын «Қалалық білім бөлімінің «№39 «Қараөзек» орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде тұрған, бұдан әрі «Объекті» деп аталатын Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы, Абылай хан көшесі, 51 мекенжайында орналасқан 36,3 ш.м. тұрғын үй емес жайы, мектеп ішіндегі асхана, 9,08 ш.м. жалға берілген ауданның 25% мөлшеріндегі жалға алушының жалпы пайдаланымдағы орыны, сонымен қатар асхананың ішіндегі құрал-жабдықтар.

2. Асхананы балаларға арналған күндізгі тыныгу лагеріне пайдалану үшін 2018 жылдың 29 мамырдан бастап 2018 жылдың 20 маусым аралығында объектіні «Жалға беруші» мүліктік жалдауға (жалға алуға) береді, ал «Жалға алушы» қабылдап алады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін аталған шарттың әрекет етуі тоқтатылады.

2. Жалпы шарттар

3. Объектіні жалдауға беру «Жалға алушының», «Балансұстаушының» өкілдері қол қоятын және «Жалға беруші» бекітетін қабылдау-тапсыру) актісі бойынша (беру сәтінде объектінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) жүзеге асырылады және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Жалға берушінің шартқа қол қоюымен және балансұстаушының жазбаша келісімімен тапсырылатын объектінің беру сәтінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

5. Кемінде бір жыл мерзімге жасалған жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға алу шарты «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады және осындай тіркеу сәтінен бастап жасалған деп есептеледі. Шартты мемлекеттік тіркеу Жалға алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Жалға алушы өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

3.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7. «Жалға берушінің»:

1) «Балансұстаушымен» келісім бойынша объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге «Жалға алушыға» жазбаша рұқсат беруге;

2) жалдау ақысын аударудың уақытылылығы мен толықтығына бақылауды жүзеге асыруға;

3) жалдау ақысын уақытылы енгізілмегені үшін өсімпұл есептеуге;

4) тараптардың келісімі бойынша шартты ұзартуға, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

5) объектінің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

8. «Жалға алушының»:

1) жалдау ақысын маусым айдының 20-не дейін кестеге сәйкес төлеуге;

2) «Балансұстаушының» жазбаша келісімімен объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат үшін «Жалға берушіге» өтініш жасауға;

3) «Жалға берушіге» шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

9. «Жалға беруші»:

1) шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау-тапсыру актісі бойынша «Балансұстаушының» объектіні беруін қамтамасыз етуге және оны бекітуге;

2) шартта белгіленген тәртіппен «Жалға алушының» объектіні иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3) шарт талаптарын немесе жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда, бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін бір ай бұрын «Жалға алушыға» хабарлауға;

4) «Жалға алушыға» жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей мерзімі өткен жалдау төлемдері үшін өсімақылар мен айыппұлдар есептегені туралы хабарламаны жіберуге;

5) қолданыстағы келісім шарттың мәліметін үш күн мерзімінде мемлекеттік мүлік тізіліміне(бұдан әрі- Тізілім) енгізу міндетті.

10. «Жалға алушы»:

1) жалдау ақысын график бойынша, сондай-ақ, басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлеуге;

2) жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлегеннен кейін үш жұмыс күн ішінде төлем тапсырмаларының (түбіртектердің) көшірмесін бере отырып, тоқсан сайын «Жалға берушімен» есеп айырысуға салыстыруды жүргізуге;

3) қабылданған объектіні шартта көзделген мақсаттарға ғана пайдалануға;

4) объектіні тиісті тәртіпте ұстауға, объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

5) объектіні дұрыс жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;

6) «Жалға алушының» кінәсінен және табиғи тозуға байланысты объектінің жекелеген элементтері қалыптан шыққан жағдайда өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

7) «Жалға берушінің» алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

8) объектіге және объект орналасқан жер учаскесіне «Жалға берушінің» санитарлық қадағалау қызметі және Қазақстан Республикасы заңнамасының және объектіні пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

9) шарт бойынша өз құқықтарын бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

10) жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай ішінде объектіні жалдауды ұзарту ниеті туралы жазбаша өтініш беруге. Мұндай өтініштің болмауы «Жалға берушінің» объектіні басқа заңды немесе жеке тұлғаларға жалға (жалдауға) беруге негіз береді;

11) шартты бұзған немесе шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда «Жалға алушы» мен «Балансұстаушы» қолдарын қойған және «Жалға беруші» бекіткен қабылдау-тапсыру актісі бойынша «Балансұстаушыға» он күнтізбелік күн ішінде объектіні қайтаруды қамтамасыз етуге;

12) «Жалға алушының» кінәсі бойынша объекті пайдалануға жарамсыз жағдайға келтірілген жағдайда, өз қаражатының есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

13) объектіні жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда шығынды өтеуге міндетті.

4. Жалдау ақысы мен есеп айрысу тәртібі

11. Объектіні мүліктік жалдау үшін жалдау ақысының мөлшері 2018 жылдың 29 мамырдан бастап 2018 жылдың 20 маусым аралығында 2 376-00 **(үш жүз жетпіс алты) теңге** құрайды (жалдау ақысының есебі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымшада келтірілген).

12. Мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысы коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді, ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған аударымдарды, Объектіге көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді қамтымайды. Бұл төлемдерді «Жалға алушы» тікелей бағынысты қорғау, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және қызметтер көрсететін басқа да қызметтерге төлейді.

13. Ай сайынғы жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) «Коммуналдық меншік иелігінде тұрған мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» ***201508 бюджеттік сыныптама кодына, ЖСК KZ24070105KSN0000000 ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті, БСК KKMFKZ2A, БСН 090440021657, РНН 331000037308 алушы -Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне аударады.***

14. Жалдау ақысының базалық ставкасы мен қолданылатын коэффициенттері өзгертілген жағдайда жалға берушінің талабы бойынша жалдау ақысының мөлшері қайта қаралуы мүмкін, бұл туралы жалға беруші жалға алушыға жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жалдау ақысының өзгергендігі туралы жазбаша хабарлайды.

15. Жалға алушы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында көзделген жалдау ақысын төлеудің мерзімін бұзған жағдайда, жалға алушы әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген сомадан 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Осы шартта көрсетілген төленетін тұрақсыздық айыбын (штраф, өсімақы) төлеу «Жалға алушыны» орындалмаған міндеттерін тиісті орындаудан босатпайды.

17. «Жалға алушының» бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда аванспен төленген жалдау ақысы қайтарылмайды.

5. Шартты мерзімінен бұрын бұзу шарттары

18. «Жалға алушы» шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы «Жалға берушіні» жазбаша ескерте отырып Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

19. «Жалға берушінің» бастамасы бойынша мынадай жағдайларда Шарт мерзімінен бұрын бір тарапты бұзуға жатады:

1) егер жалға берушінің жасаған жазбаша ескертуіне қарамастан, жалға алушы объектіні шарттың талаптарын немесе объектінің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;

2) егер жалға алушы шарт бойынша берілген объектіні нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған;

3) егер жалға алушы қасақана немесе байқаусызда объектіні елеулі нашарлатқан;

4) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзім өткеннен кейін екі реттен астам объектіні пайдаланғаны үшін жалдау ақысын енгізбеген;

5) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеттемесі жалға алушыға жүктелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімдерде объектіге күрделі жөндеу жүргізбесе, жалға беруші жалға алушыға өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана шартты мерзімнен бұрын жоюды талап етуге құқылы;

6) жалға алушыға басқа объектіні оның жазбаша келісімінен кейін берген;

7) жалға беруші объектіні алып қою туралы шешім қабылдаған;

8) жалға берушінің атына балансұстаушы бұзудың себебін көрсете отырып жазбаша өтініш жазған жағдайларда қайтарылады.

Шарт жалға алушының талабы бойынша мерзімінен бұрын мынадай:

1) балансұстаушы шарттың талаптарына немесе объектінің мәніне сәйкес жалға алушының пайдалануына объектіні бермеген не объектіні пайдалануға кедергі жасаған;

2) объектінің баланс ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда - ақылға қонымды мерзімдерде оған салынған объектіні күрделі жөндеу міндеттемелерін орындамаған;

3) жалға алушыға берілген объектілердің оны пайдалануға кедергі жасайтын, олар шарт

жасасқан кезде жалға берушімен келісілмеген ақаулары болған және шартты жасасқан кезде объектіні қараған және оның жұмыс істейтінін тексеру уақытында анықталуы мүмкін болмаған;

4) егер объекті жалға алушының жауап беруі мүмкін емес жағдаяттар салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайларда бұзылды.

20. Шартты мерзімінен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін Объекті «Жалға алушыда» қалдырылады, ол Шартқа сәйкес жалдау үшін ақы төлеуді жалғастырады.

6. Ерекше жағдайлар

21. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар қазақ тілде үш данада жасалады.

22. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қоюы жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Егер жалға алушы өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдардың) жазбаша рұқсатымен объекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға алушы шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар. Жалға алушы жүргізген объектінің ажырайтын жақсартулары оның меншігі болып табылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз жалға алушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

24. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) тапсырғаны үшін жалдау ақысын есептеу объектіні қабылдау-тапсыру актісі бойынша объектіні баланс ұстаушыға қайтару сәтіне дейін жүргізіледі. Жалға алушы мен балансұстаушы қол қойған және жалға беруші бекіткен объектіні қабылдау-тапсыру актісі мүліктік жалдау (жалға алу) шартының бұзылу және аяқталу фактісін растайтын құжат болып табылады.

7. Дауларды қарау тәртібі

25. Осы Шарттан немесе оған байланысты Тараптар арасында туындау мүмкін даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда – сот тәртібімен шешіледі.

8. Тараптардың заңды мекен-жайлары

ЖАЛҒА БЕРУШІ
«Қызылорда қаласының қаржы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі,16
Тел./факс 26-28-44
ИИК KZ38070103KSN3310000
РНН 331000037209
БИК KKMFKZ2A
БИН 940140000810

Басшы _____ **С. Айменов**
м.о

ЖАЛҒА АЛУШЫ
Жеке кәсіпкер «Махамбетова Г.»
Қызылорда қаласы, Отырар көшесі,34

БИН 631026401086
Ұялы тел: 8 701 604 97 32

Жеке кәсіпкер _____ **Г. Махамбетова**
м.о

БАЛАНС ҰСТАУШЫ
№39 «Қызылөзек» орта мектебі
Қызылорда қаласы, Қараөзек қыстағы
Тел: 21-73-70
БИК 195301070
РНН 331000039425 БИК 195301070
Директор _____ **Ж. Кулгазиев**

№ 114 келісім-шартқа есептеу
Жалға берілген жайдың жал ақы құны

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы, Абылай хан көшесі, 51
Жалға алушы: Жеке кәсіпкер «Махамбетова Г»
Жал ақы есептеу ставкасы 1 жылға 1 шаршы метр ***3607,5 теңге***
1,5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК)

Жалпы көлемі **36,3 ш.м.**

1. Құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент (Кт)	0,9
2.Тұрғын емес үй- жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кк)	0,9
3.Қолайлық дәрежесін ескеретін коэффициент (Кск)	1,0
4.Аумақтық орналасуы ескеретін коэффициент (Кр)	0,5
5.Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд)	0,5
6.Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Қопф)	1,0

Ғимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдағаны үшін төленетін ақыны есептеу кезінде мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген ауданның 25 % мөлшерінде осы аудандарды жалға алушының жалпы пайдаланымдағы орындарды қосқанда шаршы метр: 36,3х25%=9,08 ш.м.
36,3+9,08= 45,38 ш.м.

Асхананың құрал-жабдықтарын жалға беру кезінде жалдау ақысының есептемесі

Келісім шарт мерзімі	**Есептеу құны**	**Бағасы, теңге**
29.05.18- 20.06.18	3607,5 х 45,38х 0,9 х 0,9 х 1,0 х 0,5 х 0,5 х 1,0 : 365х23 =	2089,0

№	**Мүліктің атауы**	**Мерзімі**	**Есептеу құны**	**Соммасы**
1	Ванна	29.05.2018-20.06.2018	22 750х25/100х0,8:365х23=	287,0
2	Тоңазытқыш			
3	Қысқа толқынды пеш			
4	таразы			
	Барлығы:			**287,0**

Жалдау ақысының кестесі

Төлейтін мерзімі	**Соммасы (теңге)**
29.05.18-20.06.18	2 376,0
Барлығы:	**2 376,0**

Сектор меңгерушісі: **А. Кадыркулова**

Орындаушы: **Ж. Менлибаева**

«Бекітемін»
Қызылорда қаласының
қаржы бөлімінің басшысы
_____ С. Айменов

Алыс – беріс Актісі

Қызылорда қаласы «___» _____ 2018 жыл

Біздер, төмендегі қол қоюшылар, «№39 «Қараөзек» орта мектебі» атынын мектеп директоры Ж. Кулгазиев әрі қарай «Баланс ұстаушы» өткізеді, ал жеке кәсіпкер «Г. Махамбетова», әрі қарай «Жалға алушы» ЖСН 631026401086, Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы, Абылай хан көшесі, 51 ғимаратта орналасқан мектеп ішіндегі жалпы алаңы 36,3 ш.м. болатын мемлекеттік тұрғын емес жайды (асхананы), сонымен қатар асхана ішіндегі құрал-жабдықтарды 2018 жылғы «6» маусымдағы № 114 келісім шартқа байланысты қабылдайды.
Өткізу кезінде ғимарат қанағаттанарлық жағдайда болды.

БАЛАНС ҰСТАУШЫ

№39 « Қызылөзек орта мектебі
Қызылорда қаласы, Қараөзек қыстағы
Абылай хан көшесі,51
РНН 331000039425
Тел: 21-73-70

Директор_____Ж. Кулгазиев
м.о

ЖАЛҒА АЛУШЫ

Жеке кәсіпкер « Махамбетова Г»
Қызылорда қаласы, Отырар көшесі, 34
ИИН 631026401086
тел:8 701 604 37 32

Жеке кәсіпкер _____Г. Махамбетова
м.о

№39 «Қызылөзек» орта мектептің теңгеріміндегі жалға берілетін

асхана құрал-жабдықтарының тізімі

№	Атауы	Жылы	Саны
1	Тоңазытқыш	2008	2
2	Ванна ВВ2/553-12/6н	2009	1
3	Қысқа толқынды пеш	2008	1
4	Таразы	2008	1